

DualSense™ сымсыз басқару құралы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Пайдаланбастан бұрын

- Осы нұсқаулықты және үйлесімді жабдық нұсқаулықтарын мұқият оқыңыз. Нұсқауларды алда пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- PlayStation®5 жүйе бағдарламалық жасақтамасын және сымсыз қашықтан басқару құрылғысының бағдарламалық құралын соңғы нұсқаға әрқашан жаңартып тұрыңыз.

Ескерту

Гарнитураларды немесе құлаққаптарды пайдалану

Гарнитураны немесе құлаққапты (жинаққа кірмейді) жоғары дыбыс деңгейімен пайдаланса, есту қабілеті мүлдем жоғалуы мүмкін. Дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Уақыт өте келе деңгейі артатын дыбыс қалыпты естілуі мүмкін, бірақ іс жүзінде есту қабілетіңізді зақымдап жатқан болуыңыз мүмкін. Егер құлағыңызға қандайда шуыл естілсе, ыңғайсыздық тудырса немесе сұхбат бәсеңдеп естілсе, тыңдауды тоқтатып, есту қабілетіңізді тексеріңіз. Дыбыс деңгейі қатты болған сайын, есту қабілетіңізге соғұрлым жылдам әсер етеді.

Литий-йонды батареялармен жұмыс істеу

Зақымдалған немесе ағып кеткен литий-йонды батареяларды ұстамаңыз. Егер ішкі батарея сұйықтығы ақса, өнімді пайдалануды дереу тоқтатып, көмек алу үшін техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер сұйықтық киіміңізге, теріңізге немесе көздеріңізге тиген болса, сол тиген аумақты дереу таза сумен шайып, дәрігерге көрініңіз. Батарея сұйықтығы соқырлыққа себеп болуы мүмкін.

Радиотолқындар

Радиотолқындар электрондық жабдыққа немесе медициналық құрылғыларға (мысалы, кардиостимуляторларға) әсер етіп, бұл ақаулықтарға және ықтимал жарақаттарға әкелуі мүмкін. Кардиостимуляторды немесе басқа медициналық құрылғыны пайдалансаңыз, сымсыз желі мүмкіндігін (Bluetooth® және сымсыз жергілікті желі) пайдалану алдында дәрігерден немесе медициналық құрылғы өндірушісінен кеңес алыңыз. Келесі жерлерде сымсыз желі мүмкіндігін пайдаланбаңыз: Ауруханалар сияқты сымсыз желіні пайдалануға тыйым салынған аумақтар. Консольді медициналық мекемеде пайдаланғанда, сол мекеменің ережелерін сақтаңыз. Өрт дабылдары, автоматты есіктер және автоматтандырылған жабдықтың басқа түрлерінің жанындағы аумақтар.

Магниттер

Бұл өнімде кардиостимуляторларға, дефибрилляторларға және бағдарламаланатын шунттау клапандарына немесе басқа медициналық құрылғыларға кедергі келтіруі мүмкін магниттер бар. Бұл өнімді осындай медициналық құрылғыларға немесе осындай медициналық құрылғыларды пайдаланатын адамдарға жақын қоймаңыз. Осындай медициналық құрылғыларды пайдалансаңыз, осы өнімді пайдалану алдында дәрігерге хабарласыңыз.

Сақтық шаралары

Қауіпсіздік

Бұл өнім қауіпсіздікті ескере отырып жобаланған. Дегенмен қате пайдаланылса, кез келген электр құрылғысы өртке, ток соғуына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін. Апаттық жағдайларсыз пайдалану үшін, осы нұсқауларды орындаңыз.

Барлық ескертулерді, сақтық шараларын және нұсқауларды орындаңыз. Осы нұсқаулықтағы кез келген ақпаратқа сенімді болмасаңыз, PlayStation®5 консоліне арналған қауіпсіздік нұсқаулығының «Кепілдік» бөліміндегі тиісті PlayStation® тұтынушыларды қолдау қызметінің анықтамалық желісіне хабарласыңыз.

- Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, қалыптан тыс дыбыстар мен иіс шығарса немесе қолмен ұстау мүмкін болмайтындай қызып кетсе, пайдалануды тоқтатып, барлық кабельдерді дереу ажыратыңыз.
- Шаршап тұрғанда немесе ұйқыңыз келіп тұрғанда ойнамаңыз.

Сымсыз басқару құралының дірілін пайдалану

- Сымсыз басқару құралы тегіс бетте тұрса, ойын ойнау кезінде сымсыз басқару құралы дірілдеп, құлап, жарақатқа немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер қандай да бір сырқатыңыз болса немесе сүйектердің, буындардың немесе қолдың бұлшықеттері зақымдалған болса, діріл немесе триггерлік әсер функциясын пайдаланбаңыз. Ауруыңыз немесе жарақатыңыз бар болса, бұл функцияларды «Off» (Өшірулі) күйіне орнатпасаңыз, осындай мүмкіндіктері бар ойындарды басқару құралы арқылы ойнамаңыз. Бұл мүмкіндіктерді қосу немесе өшіру үшін PS5™ консолінің бастапқы экранынан Settings (Параметрлер)  > Accessories (Аксессуарлар) тармағын таңдаңыз.

Кішкентай балалардың жарақаттары

Осы өнімді кішкене балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Кішкентай балалар шағын бөлшектерді жұтып қоюы немесе кабельдерге оралып қалулары мүмкін, бұл жарақат алу, апатқа ұшырау немесе бұзылу қаупін тудыруы мүмкін.

Дыбыс деңгейі

- Есту қабілетіңізді қорғау үшін. гарнитура немесе құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеңіз.
- Шулы ортаның дыбысын естімеу үшін дыбыс деңгейін арттырмаңыз.
- Жаныңызда сөйлеп жатқан адамдарды ести алмасаңыз, дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

Пайдалану және ұстау

Үзілістер

- Консольді ұзақ пайдаланбаңыз. Әрбір бір сағат ойын барысында 15 минут үзіліс жасаңыз.
- Шаршап тұрғанда немесе ұйқыңыз келіп тұрғанда ойнамаңыз.
- Сымсыз басқару құралын пайдалану кезінде шаршауды сезіне бастасаңыз, я болмаса қолдарыңызда ыңғайсыздық немесе ауыру сезінсеңіз, консольді пайдалануды бірден тоқтатыңыз. Денсаулығыңыз қалпына келмесе, дәрігерге қаралыңыз.
- Келесі денсаулық мәселелерінің кез келгені болса, консольді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Симптомдар кетпесе, дәрігерге қаралыңыз.
 - Басы айналу, лоқсу, қалжырау немесе қозғалыстан лоқсуға ұқсас симптомдар.
 - Көздер, құлақтар, қолдар сияқты дене бөлігіндегі ыңғайсыздық немесе ауыру.

Статикалық токтың соғуы

Гарнитураны немесе құлаққаптарды өте құрғақ ауа жағдайларында пайдаланғанда, кейде құлақтарыңызда шағын өрі жылдам (статикалық) ток соғуы мүмкін. Бұл – статикалық электр тогының денеде жинақталуының нәтижесі және гарнитураның немесе құлаққаптың ақауы емес.

Қозғалыс датчигі

Сымсыз басқару құралының қозғалыс датчигі функциясын пайдаланып жатқанда, келесі нәрселерден сақтаныңыз. Басқару құралы адамға немесе затқа соқтықса, бұл кездейсоқ жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін.

- Қозғалыс датчигі функциясын пайдалану алдында, айналада қозғалу үшін жеткілікті кеңістік бар екендігіне көз жеткізіңіз.
- Қолыңыздан шығып кетіп, зақымға немесе жарақатқа әкелмеуі үшін сымсыз басқару құралын қатты ұстаңыз.
- PS5 консоліне USB кабелі арқылы қосылған сымсыз басқару құралын пайдаланып жатсаңыз, кабель адамға немесе затқа соқтықпауы үшін кабель үшін жеткілікті кеңістік бар екенін тексеріңіз.

Жарық жолағы

Басқару құралындағы жарық аймағы жыпылықтаған кезде оған қарамаңыз. Егер денеңізде жарық стимуляциясынан ыңғайсыздық немесе қандайда бір ауру белгісін байқасаңыз, пайдалануды дереу тоқтатыңыз.

Орналастыру және жұмыс істеу

- Өнімді тұрақсыз, еңкейтілген немесе дірілдейтін беттерге қоймаңыз.
- Өнімді еденге немесе біреудің шалынуы мүмкін болған жерге қоймаңыз.
- Сұйықтықтың немесе кішкентай бөлшектердің өнімге кіруіне жол бермеңіз.
- Өнімді ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Найзағайлы дауыл кезінде өнімге тиемеңіз.
- Өнімді лақтырмаңыз немесе тастамаңыз, не болмаса оған қатты соққы тигізбеңіз.
- Өнімде тұрмаңыз немесе үстіне заттар қоймаңыз.
- Басқа ешбір металл заттардың коннекторларға тиюіне жол бермеңіз.
- Коннекторларда шаң бөлшектері немесе бөгде заттар болса, жалғастыру алдында оларды құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
- Өнімді ешқашан бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Өнім мен оның бөлшектері металл және пластмасса материалдардан жасалған. Өнімді тастау кезінде осындай материалдарды дұрыс тастау бойынша жергілікті реттеулерді орындаңыз.
- Тасымалдау өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында орындалады.

Тазалау

Өнімнің сыртқы бетін зақымдалудан немесе түсін жоғалтудан сақтау үшін төменде көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.


- Жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Инсектицидтерді немесе басқа ұшпа заттарды қолданбаңыз.
- Өнімнің сыртқы бетіне ұзақ уақытқа резеңке немесе винилден жасалған материалдарды қоймаңыз.
- Ерітінділерді немесе басқа химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Химиялық жолмен өңделген тазалау шүберегімен сүртпеңіз.









Сақтау жағдайлары


- Пайдалану, тасымалдау және сақтау кезінде өнімді жоғары температуралардың, жоғары ылғалдықтың немесе тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Өнімді терезелері жабық машинаның ішінде, әсіресе күн ыстық болғанда қалдырмаңыз.
- Өнімді шаңда, түтінде немесе найзағайда қалдырмаңыз.
- Өнімдерді бірегей қаптамасында, қышқылдар мен сілтілерден алыс қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін жерде сақтау керек.

Жабдық бөліктерінің атаулары

Алды



- A) Бағыттауыш түймелер
- B)  (жасау) түймесі
- C) Жарық жолағы
- D) Сенсорлы тақта/Сенсорлы тақта түймесі
- E) Ойнатқыш индикаторы
- F)  (опциялар) түймесі
- G) Өрекет түймелері
 түймесі/  түймесі/  түймесі/  түймесі
- H) Оң жақ джойстик/R3 түймесі
- I) Динамик
- J)  (PS) түймесі
- K) Гарнитура ұяшығы
- L) Микрофон
- M)  (дыбыс өшіру) түймесі
- N) Сол жақ джойстик/L3 түймесі



- A) R1 түймесі
- B) R2 түймесі
- C) USB порты
- D) L1 түймесі
- E) L2 түймесі

Басқару құралын жұптау

Бірінші рет пайдаланғанда, басқару құралын PS5 консолімен жұптастыру керек.

- 1 **Консольді қосыңыз.**
- 2 **Басқару құралын консольде қамтылған USB кабелін пайдаланып консольге қосыңыз.**
- 3 ** (PS) түймесін басыңыз.**

Басқару құралының қуаты қосылады. Жарық жолағы жыпылықтағаннан кейін ойнатқыш индикаторы жанады.

Басқару құралын зарядтау

Консоль қосулы немесе тыныштық режимінде болғанда қамтылған USB кабелін пайдаланып басқару құралын PS5 консоліңізге қосыңыз. Тыныштық режимінде болғанда, басқару құралындағы жарық жолағы қызғылт сары түспен баяу жыпылықтайды. Зарядтау аяқталғаннан кейін жарық жолағы өшеді.

Keңестер

- Басқару құралын консоліңіз тыныштық режимінде болғанда зарядтау үшін алдымен осы мүмкіндікті қосу керек. Толығырақ ақпаратты PS5 Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Сондай-ақ басқару құралын USB кабелін компьютерге немесе басқа USB құрылғысына қосу арқылы зарядтауға болады. USB стандартына сәйкес келетін USB кабелін пайдаланыңыз. Басқару құралын кейбір құрылғыларда зарядтау мүмкін емес.

Батарея

Абайлаңыз! Орнатылған литий-ионды батареяны пайдалану:

- Бұл өнімде литий-ионды қайта зарядталатын батарея бар.
- Бұл өнімді пайдаланбастан бұрын батареяны қолдану мен зарядтау бойынша нұсқауларды оқып, оларды мұқият орындаңыз.
- Батареяны қолданғанда өте мұқият болыңыз. Дұрыс қолданбаудан өрт шығу немесе күіп қалу қаупі бар.
- Батареяны ашуға, сындыруға, қыздыруға немесе отқа тастауға болмайды.
- Өнімді пайдаланбаған кезде батареяны ұзақ уақытқа зарядтамаңыз.
- Өрдайым қолданылған батареяларды жергілікті заңдарға немесе талаптарға сай тастаңыз.

Батарея мерзімі және ұзақтығы

- Батареяның қызмет көрсету мерзімі шектеулі. Батареяның зарядтау ұзақтығы қайта пайдаланғанда және қайтарылғанда біртіндеп азаяды. Батареяның қызмет көрсету мерзімі сақтау әдісіне, пайдалану күйіне, ортаға және басқа факторларға байланысты ертүрлі болады.
- Температура ауқымы 10 °C және 30 °C аралығында болатын ортада зарядтаңыз. Басқа орталарда зарядтағанда тиімді нәтиже болмауы мүмкін.
- Батарея ұзақтығы пайдалану жағдайларына және орта факторларына байланысты ертүрлі болуы мүмкін.

Пайдаланылмағанда

Басқару құралы ұзақ мерзім пайдаланылмайтын болса, батареяның қызметін сақтау үшін кемінде жылына бір рет толық зарядтау ұсынылады.

Сипаттамалары

Құрылым және техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Пайдаланылып жатқан бағдарламалық жасақтама нұсқасына байланысты, PS5 консоль осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

Ену тогының көрсеткіші	5 в = 1,500 мА
Батарея типі	Орнатылған литий-иондық Қайта зарядталатын батарея
Қуат кернеуі	3.65 в =
Батарея сыйымдылығы	1,560 мАс
Жұмыс температурасы	5 °С ден 35 °С
Салмағы	Шамамен 280 г
Өндіруші ел	Қытай

КЕПІЛДІК

Осы өнімге сатып алу күнінен бастап 12 ай бойы өндіруші кепілдігінің шарттары қолданылады. Толық ақпарат алу үшін PS5 жинағымен бірге берілетін кепілдікті қараңыз.

Өнімді шығарған немесе оның атынан дайындаған: Сони Интерэक्टив Энтертейнмент Инк.
Мекен-жайы: 1-7-1 Конан, Минато-ку, Токио 108-0075, Жапония.

Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші- «Сони Электроникс» АҚ, Ресей,
123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6.


Организация, уполномоченная принимать претензии от потребителей
на территории Казахстана.

Қазақстан Республикасы жерінде тұтынушылардан кінәрат-талаптар қабылдайтын ұйым
АО «Сони Электроникс» Представительство в Казахстане: 050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, пр. Достык, дом 117/7; 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
даңғыл Достык, 117/7 үй.

Дайындалған күні бұйымның орамында немесе өнім заттаңбасындағы P/D белгісінің
жанында келесі форматта көрсетілген: P/D: ММ.ҮҮҮҮ, мұндағы ММ- дайындалған айы,
ҮҮҮҮ- жылы.

Өнімді жергілікті электрлік және электрондық қайта өңдеу заңдарына сәйкес тастаңыз.
Сатуды қолданыстағы жергілікті заңнамаға сәйкес орындау керек.

“PS”, “PlayStation”, “PS5”, “DualSense” and “PlayStation Shapes Logo” are registered trademarks or trademarks of Sony Interactive Entertainment Inc.

“SONY” and “ Sony Interactive Entertainment” are registered trademarks or trademarks of Sony Corporation.

The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Sony Interactive Entertainment Inc. is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



Sony
Interactive
Entertainment

[playstation.com](https://www.playstation.com)

